

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Ч.1 - Б.73-76

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ЗААНЕН ЕШКІ ТҰҚЫМЫН АЗЫҚТАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН АЗЫҚ ҚОРЕКТІЛІГІ

Бақыт Г., Омарова Қ. М.

Ақмола облысы жағдайында өсіріліп жатқан заанен ешкілерінің жаңа туылған төлдерінен бастап өнім беретін ересек ешкі болғанға дейінгі аралықтағы азықтандырылуы және азық құрамы көрсетілген.

Кіріспе. Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы Жолдауында «Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсеткерек. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет. Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту үшін өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік беру қажетдеген болатын [1]. Осыған байланысты Қазақстанда сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығы өнімдерін дамытып экспорттауға мүмкүндік туғызу қолға алынып отыр. Қазіргі таңда Ақмола облысының іргесінде 2016 жылы ашылған «Зеренді АТШ» ЖШС ешкі шаруашылығынан шығарылатын сүт өнімі мен сүттен жасалған әр түрлі өнімдер Астана қаласында және өзгеде қалалар мен облыстарда сатылуда[2].

Зерттеу әдістемесі. «Зеренді АТШ» ЖШС ешкі шаруашылығы ешкі сүтін өндіру және өңдеу сүтті ешкі шаруашылық кешені Ақмола облысы, Талапкер ауданы Қажымұқан ауылында орналасқан. Астана қаласынан 13 шақырым жерде. Бұл шаруашылықтағы ешкілерден мол өнім алу үшін туылған кезінен бастап ересек ешкі болғанға дейінгі аралықтағы күнделікті берілетін азықтардың рационы құрылған, әр малдан сапалы әрі мол өнім алу үшін азықтардың құрамына және азықтандыру жағдайықадағаланып отырады. Азықтың химиялық құрамы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының азық сапасын зерттеу лабораториясында FOSS «NIRS DS 2500» экспресс анализаторындазерттелінді. Азықтардың химиялық құрамы зерттелгеннен кейін, осыған сәйкес ешкілердің жас-жыныс ерекшеліктеріне қарай азықтандыру рационы құрастырылған[3].

Зерттеу нәтижесі.Сүтті типті көрсетілінуі – сүтті малдың кешенді сипаттама береді. Ережеге сай, бұл малдар ірі, салыстырмалы кішкентай

басты, ұзын мойынды, кең және терең кеуделі, көлемді құрсақты болады. Арқасы мен сегізкөзі түзу, ұзын, кең, аяғы түзу, тұяғы берік. Терісі жұқа, берік, иілімді; жүн жамылғысы жылтыр, жалтырақ. Желіні толық, көлемді, дұрыс дөңгелек немесе алмұрт пішінді, біртегіс дамыған үлестерімен, ірі емізіктерімен және үлкен қормен [4].

Қазіргі уақытта ешкі шаруашылығы барлық еуропа елдерінде, яғни АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландияда кеңінен тарап дамуда. В.Т.Изикова және Т.В. Кожанова (2008) мәлімдеуінше Франция, Греция, Италия, Испания және Голландия елдерінде жалпы сүт өнімін тұтыну көлемінің 15-20% ешкі сүті (ешкі ірімшігімен қоса алғанда) алады екен.

Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, еліміздің қой мен ешкі саны 2018 жылдың 1 Ақпанында 18298,5 мың басты құраса, оның ішінде ешкі саны 2439,081 басты құрады.

Сүттегі минералдық заттарының құрамына Д.И. Менделеев кестесіндегі барлық элементтер кіреді. Ең жоғары бағалы кальций, калий, магний, мырыш, марганец, фтор, бром, иод т.б. Ешкі сүті көптеген аурудың алдын алады, соның ішінде рахит ауруына қарсы қасиетке иелігімен ерекшеленеді. Ана сүтіне қарағанда ешкі сүтіндегі лактоза төмен деңгейде болып келеді, бұл 4-6 күндерде өтір дизентериялы, ол баладағы дизпепсияның тоқтауына ықпал етеді [5].

Мал азығының қоректілігі химиялық құрамымен байланысты өзгереді. Әр түрлі жемшөптің құрамы, яғни ондағы мал қорегіне қажет қоректік заттар мен қосындылардың шоғырлануы әр түрлі және әр көлемде болғандықтан, олардың қоректілігі мен құнарлылық қасиеттері де алшақтанады. Сондай-ақ, жемшөп құрамы өскен жер топырағының құнарына, ауа-райының табиғи климаттық жағдайына, өсіру агротехникасына, қолданылған тыңайтқыштарға және сол секілді көптеген жағдайларға байланысты өзгереді. Сондықтан азық қоректілігін бағалау үшін алдымен оның химиялық құрамын анықтап, ондағы энергетикалық, қоректік, минералдық, витаминдік, т.б. биологиялық маңызды заттарының көлемін біледі. 1-кестеде Зеренді шаруашылығында әкелінген азықтардың химиялық құрамы мен құнарлығы көрсетілген.

1 кесте - Заанен ешкі тұқымының рационындағы азықтардың химиялық құрамы және құнарлылығы

Көрсеткіштер	Жоңышқап ішендемесі	Жоңышқап-қашөбі	Жоңышқап пішені	Сабан пішен	Табиғи пішен	Бидайжармасы	Арпа қалдығы
Құрғақзат, %	43,6	28,3	84,8	82,4	26,9	85,3	89,0
Оның құрамында бар, %:							
күл	4,34	9,19	6,88	8,89	3,88	4,9	5,39
органикалық заттар	95,66	90,81	93,12	91,11	96,12	95,1	94,61
шикіпротеин	14,77	16,96	14,86	9,92	14,02	15,3	8,21

шикі май	3,14	2,47	2,24	3,36	3,38	3,7	3,48
шикі клетчатка	40,13	26,15	31,48	35,72	45,43	8,6	37,19
АЭЗ	37,62	45,23	44,54	42,11	33,29	52,9	45,73
1 кгазыққұнарлылығы							
азықөлшемі	0,35	0,22	0,44	0,29	0,13	0,64	0,46
қорытылатын протеин, г	42,0	35,0	89,6	39,0	16,6	113,2	34,3
кальций, г	5,0	4,4	13,0	1,3	1,1	1,9	1,7
фосфор, г	1,4	0,6	1,0	0,5	0,8	9,7	2,9
каротин, мг	29,0	42,0	29,0	9	9,3	2,0	-

Органикалық заттардың мөлшері жоңышқадан дайындалған пішендемеде, сабан қалдығы мен табиғи пішенде, ал шикі протеин жоңышқа шөбінде мол болды. Жоңышқа көк балаусасы құрамында шикі протеин мөлшері сабаннан 1,7 есе, ал арпа жем қалдығынан 2,1 есе көп.

Зерттелген азықтар ішінде шикі жасұнық әсіресе табиғи пішендемеде мол болды.

Қорыта айтқанда, шаруашылықтағы сауын ешкілерін азықтандыру үшін пайдаланылатын жем-шөп түрлері мен олардың құнарлылық дәрежелері нормаға сәйкес келеді.

Лақтарын аналықсыз өсіргенде оларды туған күннен бастап уызбен, содан кейін анасының сүтімен немесе оны алмастырушымен азықтандырылды. Алғашқы күндері лақтарға сүтті резенке емізігі бар шөлмекпен берілді, содан кейін автоматтандырылған суарғышқа үйретілді.

Лақтарды алғашқы күндерінде арнайы азықтандыру үшін сұйытылған күйде сүтті ауыстыратын арнайы қоспалар дайындалды. Бұл толыққанды сүт алмастырғыш болып табылады (ТСА).

2 кесте -Лақтарды ТСА азықтандыру сұлбасы

Жасы	Азық өлшемі	Сүт көлемі бір азықтандырғанда, г	Тәуліктік сүт көлемі
1-4 күн	қажеттілігіне байланысты		
1 апта	6	300	1800
2-3 апта	5	300	1500
4-5 апта	5	400	2000
6-7 апта	4	600	2400
8 апта	3	600	1800
9 апта	2	600	1200
10 апта	1	600	600

2 кестеде лақтарды енесінен ерте айырған жағдайда немесе сүт болмаған жағдайда лақтарды толыққанды сүт алмастырғышпен (ЗЦМ) азықтандыру сұлбасы көрсетілген. ТСА биологиялық құндылығы бойынша ешкі сүтінен қалыспайды.

Лақтарды бір айлығынан бастап ТСА мөлшерін біртіндеп азайтып, есесіне басқа азық мөлшерін біртіндеп көбейте отырып, оларды толық өз бетінше азықтануға үйретілді. 1 айдан 3 айға дейінгі лақтарды азықтандыру рационы келесі 3-кестеде көрсетілген.

3 кесте -1 айдан 3 айға дейінгі лақтарды азықтандыру рационы

Жасы, күн	Сүт, мл	Кебек, г	Құрама жемдер, г	Тамыр түйнектілер, г	Пішен, г
31-40	1200	50	50	50	50
41-50	600	50	75	50	100
51-60	500	50	125	75	150
61-70	200	50	175	100	150
71-80	—	50	250	100	200
81-90	—	100	250	150	250

Бұл кестеден көретініміз, лақтар алғашқы күндері сүтпен қарқынды азықтандырылды. Содан кейін шамалап ТСА мөлшері азайтыла отырылып, рацион құрамына ірі азықтар қоса бастадық. 3 айдан асқан кезде сүтті рационнан мүлдем алып тастадық да, ірі,құнарлы, шырынды азықтармен азықтандырдық[6].

Аналықтардың азық құрамына сүтті көбейтетін жемшөптер көп енгізілді. Сауын ешкілерінің негізгі табынын азықтандыру рационы пішен, тамыр-түйнектілер, концентратты азықтардан (түйіршіктелген азықтан) тұрады. Ересек ешкінің 1 басына қажетті азық мөлшері тәулігіне 6 кг құрайды.

Азық құрамымен қатар, сүт беретін ешкілердің санын арттыру үшін 8 айлық лақтарды қашыру кезеңіне қосуға болады, ол үшін ешкілердің салмағы мен сырт бітімін бағалау арқылы жүргізіледі. Ешкілер санын арттыруды (тұқымын көбейту) тездету және сүт өнімі өндірісін арттыруды қамтамасыз етеді.8-8,5 айлық кезеңінде қашырылған лақтардың сүт өнімділігіне қарай бағалануы ақырғы түрде 1,5 жас кезінде жасалады.

4 кесте - «Зеренді» ЖШС сүт кешенінде сауын ешкілерінің негізгі табынын азықтандыру рационы

Азықтар	Ересек ешкінің 1 басына қажет азық нормасы, кг		Негізгі табынның мал басы, ба с	Негізгі табынға барлық азықтар , ц	1 ц азықты ң құны, теңге	Азық тың жалп ы құны , мың теңге
	күнін е	жылына				
Пішен	3,0	1278	186	2376	1300	3089
Түйіршіктелген азық	1	365	186	679	5646	3833
Тамыртүйнектіле р	1	365	186	679	4820	3272
Концентратты азықтар	1	183	186	379	3500	1185
Барлығы	6	-	-	-	15266	1137 9

Рацион құрылымы 1 кг ешкі салмақ қосуына ірі және шырынды азықтар - 62,5% концентратты азықтар – 12,5%, түйіршіктелген азықтар – 25%-дан тұрады.

Қорытынды. Ақмола облысы жағдайында Заанен ешкілерін өсіру және азықтандыру тиімділігі жоғары. Шаруашылықтағы сауын ешкілерін азықтандыру үшін пайдаланылатын жем-шөп түрлері мен олардың құнарлылық дәрежелері нормаға сәйкес келеді. Азықтандыру жағдайына келетін болсақ, туылғаннан 1 айлығына дейін толыққанды сүт алмастырғыш беріп, 1 айдан асқан кезде сүт мөлшерін азайта отырып азық түрлерін үйрете бастаған жөн. Ал, ересек ешкілердің рационында арнайы сүт мөлшерін көбейтетін азықтарды жоғарылата отырып, рацион құрылымы 1кг ешкі салмақ қосуына ірі және шырынды азықтар - 62,5%, концентратты азықтар – 12,5%, түйіршіктелген азықтар – 25%-дан құралғаны дұрыс деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.- https://baq.kz/kk/news/prezident/nursultan_nazarbaevtin_kazakstan_halkina_zholdau_i_tolik_nuska_20180110_080400
2. Карим М. Егемен Қазақстан. – 2010. - №90-93 (25939). -Б. 38.
3. Ешкі шаруашылығы: сүт, ет, жүн және түбіт өндіру технологиясы практикумы: оқу құралы./ Н.Омарқожаұлы, А.Шуркин, Ө.Сұлтанов, М.Сәденова. – Астана: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті баспасы, - 2016. – 189 б.
4. Сәдірқызы Г. Қазақстан сүт өнімдерімен қаншалықты қамтылған?/ Г.Сәдірқызы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17 қазан.

5. Қазақстандағы сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығының қазіргі жағдайы және даму жолдары/ Омарова Қ.М., Саденова М.Қ., а.ш.ғ.кандидаттары //Қазақстанның оңтүстік – батыс аймағының ауыл шаруашылығын дамытудың заманауи аспектілері / халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Шымкент, 2018. –168-169 б.

6. Арынгазиев С.// Методы повышения продуктивности и качества продукции коз Казахстана. /Дисс. ...доктора с.-х. наук. Мынбаево, - 2000, - 246 с.